

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Филология факультеті**  
**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

**№4 ХАТТАМАСЫ**

22.12.2022 ж.

Түркістан қаласы.

**Қатысқандар:**

**комиссия төрайымы:**

1. Қазыханқызы Лазура – PhD, аға оқытушы;

**комиссия мүшелері:**

2. Д.Мутанова – PhD, аға оқытушы
3. П.Адиева – ф.ғ.к., доцент;
4. Ы. Нұрмағанбетова – аға оқытушы;
5. Ш.А.Каримова - аға оқытушы;
6. А.Байдаулетова – оқытушы;
7. С.Қонысова - оқытушы;
8. Д.Саржанова – докторант;
9. Ф.Маккамбаева – магистрант;
10. Ж.Жумабекова- студент
11. А.Сейтжанова – әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Шакырылғандар:**

12. Т.Жаздықбаева – Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының жетекші маманы
13. Л.Ибрагимова -Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы
14. А.Өзтүрк -Филология факультетінің деканы
15. Ж.Суинжанова -Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

**Комиссия хатшысы:**

16. А.Қонысова –оқытушы

**Қатыспағандар: -**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Университет инфрақұрылымдары (аудиториялары, мультимедиялық аудиториялары, зертханалары, компьютерлік сыныптары), және университеттің кітапханалары, спорт залдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретінін анықтау.
2. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымластырылуын қадағалау
3. ББ 2021-2022 оқу жылының еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау
4. Желтоқсан айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

**Тыңдалды:**

**1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы** Қазыханқызы Лазура сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша талқылауды ұсынды. Яғни Университет инфрақұрылымдары және университеттің кітапханалары, спорт залдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға қаншалықты мүмкіндік беретінін талқылап, өз ойларын білдіре отырды. Факультет білім

алушыларынан жатақханалардың, асханалардың жағдайларын білі мақсатында сауалнамалар арқылы біліп, кемшіліктерді түзетуге тырысу қажеттігін алға тартты. Комиссия төрайымы мен комиссия мүшелері өзара талқылап, бір шешімге келді.

**Шешім:** Университет инфрақұрылымдары (аудиториялары, мультимедиялық аудиториялары, зертханалары, компьютерлік сыныптары), және университеттің кітапханалары, спорт залдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретінін расталсын.

2. Келесі мәселе ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қаншалықты қадағаланып жатқандығы жайлы сөз болды. Комиссия төрайымы ББ бітірушілерінің дипломдық жұмыстарының тақырыптары мен жетекшілерінің бекітілуінің талапқа сәйкестігі жайлы сөз қозғады. Комиссия мүшелері арасында талқылай келе сәйкессіздіктің табылмауына байланысты ББ бітірушілерінің дипломдық жұмыстарының тақырыптарының бекітілуі қадағалансын деген шешім қабылдады.

2022-2023 оқу жылына бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес 6B01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік тілдері) және 6B01718-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай тілдері) білім беру бағдарламаларының 3 курс топтары педагогикалық практикасын 23.01.2023 бастаса, 2 курс студенттері 31.01.2023 жж. психологиялық-педагогикалық практикасын өтетінін, 1 курс топтары 06.06.2023ж. оқу практикасынан өтетінін айтып өтті. Бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес аталған білім беру бағдарламаларының 4 курс топтары 31.01.2023-26.03.23 жж. аралығында өндірістік практикадан, ал, 28.03.2023-23.04.2023 жж. аралығында диплом алды практикадан өтетінін айтып өтті. 2,3 курс студенттері қала мектептеріне жіберілді. Ал бітіруші 4 курс студенттері қала мектептерінде және өз өтініштері бойынша қатынас хат негізінде өздерінің тұрғылықты мекендеріндегі мектептерге жіберілуіне болатынын түсіндіріп өтті.

Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының жетекші маманы Т.Жаздықбаева келесі сөз кезегін алып, студенттердің өткізетін құжаттар тізімімен және кафедрада тұратын қажетті құжаттармен таныстырып өтті. Практиканың білім беру бағдарламасының ішінде айтылған құжаттарды толықтырып, практика өтетін базасы жетекшісінің балының 40% алынса, университеттегі педагогикалық практикасың жетекшісінің балының 60% -есептеліп, студенттің қорытынды бағасының шығатынын айтып өтті. Білімалушылар практика кезінде күнделік, бақылау-тіркеу кітапшалары қамтамасыз етілуін, практикаға байланысты бағдарлама факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралып, университеттің оқу-әдістемелік бөлімінде бекітіліп тұру қажеттілігін де айта өтті. Практика бағдарламасында негізгі практикантқа қажетті практиканың міндеттері, практиканың мақсаты, практиканың мазмұны қарастырылған. Практика аптасында әрбір мамандыққа бөлінген апта санына байланысты қандай жұмыстар атқарылу тиіс екендігі көрсетілген.

**Шешім:** ББ бітірушілерінің дипломдық жұмыстарының тақырыптары мен жетекшілерінің бекітілуінің талапқа сәйкестігін қадағалансын.

3. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің төрайымы үшінші мәселе бойынша сөз қозғады. Яғни КББ 2022-2023 оқу жылында еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау. Кафедралардың ББ қатысқан рейтинг нәтижелері слайд арқылы көрсетіліп, өзара талқыланды. Сонымен қатар комиссия төрайымы әр кафедраның білім беру бағдарламаларының 2022-2023 оқу жылында қол жеткізе алатын нәтижесін жоспарлау қажеттігін айта өтті.

**Шешім:** Білім беру бағдарламаларының 2022-2023 оқу жылында қол жеткізе алатын нәтижесін жоспарлау қадағалансын.

Мәжіліс төрайымы:  Қазыханқызы Л.

Мәжіліс хатшысы:  Қонысова А.